Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8D02310 (6D020500) – Филология білім беру бағдарламасының PhD докторанты Сматова Алия Ералиевнаның «Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының қолжазбасына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» тақырыбындағы диссертация Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасының, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының және тарихи-мәдени мұра мен ұлттық бірегейлікті зерттеуге бағытталған мемлекеттік міндеттердің мазмұнына сәйкес орындалған. Жұмыс қазақ және ағылшын топонимдерін ұлттық дүниетаным, тарихи жад және мәдени код тұрғысынан салыстыра зерттеуімен аталған бағыттарды ғылыми тұрғыдан толықтырады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі): 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына және «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылыми бағытына сәйкес келеді. Зерттеу когнитивтік ономастика, лингвоконцептология, лингвомәдениеттану және салыстырмалы топонимика

		(бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	салаларының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, оның ғылыми маңыздылығы жеткілікті ашылған. Қазақ және ағылшын топонимдері географиялық атаулар ретінде ғана емес, халықтардың тарихи-мәдени тәжірибесін, дүниетанымын және табиғи ортамен байланысын жинақтайтын когнитивтік әрі лингвомәдени бірліктер ретінде кешенді салыстырылған. Топонимдік концептілердің құрылымы, вербалдануы, этномәдени және ақпараттық қызметі жүйеленіп, «ауыл», «қоныс», «тау», «су», «дала» концептілерінің когнитивтік матрицалары ұсынылған. Бұл нәтижелер когнитивтік ономастика мен ономастикалық лингвоконцептологияның теориялық негіздерін дамытуға қызмет етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Сматова Алия Ералиевнаның өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертант академиялық жазу қағидаларын меңгерген, ғылыми материалды жүйелеу, салыстыру, талдау және қорытындылау дағдыларын көрсеткен. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар зерттеу барысында алынған нәтижелер мен автордың жарияланған еңбектеріне негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация өзектілігінің негіздемесі жан-жақты берілген. Қазақ және ағылшын топонимдерінің

		1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	когнитивтік, лингвомәдени және лингвоконцептологиялық сипатын салыстыра зерттеу екі халықтың дүниенің тілдік бейнесіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Топонимдердің тарихи жадты, этномәдени ақпаратты және қоғамдық тәжірибені сақтау қызметін ашу қазіргі антропоөзектік тіл білімінің өзекті бағыттарымен толық үйлеседі. Сондықтан зерттеу тақырыбының өзектілігі нақты және жеткілікті деңгейде негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Қазақ және ағылшын топонимдерінің тарихи қалыптасуы, концептілік құрылымы, этномәдени мазмұны, көркем мәтіндегі вербалдануы және әлеуметтік-саяси қызметі біртұтас ғылыми жүйеде талданған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен жеті міндеті зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Қойылған міндеттер зерттеу тарауларында жүйелі орындалып, қорытындыда жинақталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толықтай өзара байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, 187 атауды қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады; көлемі – 169 бет, алты кесте берілген. Бірінші тарауда қазақ және ағылшын топонимдерін когнитивтік бағытта зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, топонимдердің тарихи қалыптасу кезеңдері және түр-түс атауларының репрезентациясы карастырылған.

			Екінші тарауда екі тілдің топонимиялық кеңістігінің концептілік құрылымы талданып, «ата мекен», «коныс», «ауыл», «дала», «жануарлар» және «өсімдіктер» концептілері жүйеленген. Үшінші тарауда топонимдік концептілердің көркем мәтіндерде вербалдануы және олардың саяси-әлеуметтік сипаты ашылған. Тараулар арасындағы логикалық сабақтастық сақталған, теориялық пайымдаулар нақты тілдік материалмен ұштастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген: 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген: 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа тұжырымдар отандық және шетелдік ономастика, когнитивтік лингвистика, концептология және лингвомәдениеттану салаларындағы еңбектермен салыстырыла талданған. Қазақ және ағылшын топонимдеріне қатысты бұрынғы ғылыми көзқарастар сыни тұрғыдан сараланып, зерттеудің өзіндік ұстанымдары мен модельдері дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады): 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп бағаланады. Қазақ және ағылшын топонимдері когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология аясында салыстырмалы түрде жүйеленіп, олардың номинациялық, семантикалық және этномәдени ерекшеліктері анықталған. Ономастикалық концепт когнитивтік категория ретінде қарастырылып, топонимдік ақпараттың алты түрі жіктелген: «ауыл», «коныс», «тау», «су», «дала» этнотопонимдік концептілерінің когнитивтік матрицаларын модельдеу ұстанымдары ұсынылған. Түр-түс, жануарлар мен

			өсімдіктерге қатысты атаулардың ұлттық дүниетанымды таныту қызметі салыстырмалы негізде айқындалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген жаңа қорытындылар бар. Қазақ және ағылшын топонимдерінің тарихи тілдік қабаттары, концептілік құрылымы, этномәдени мазмұны, көркем мәтіндегі қызметі және саяси-идеологиялық өзгерістері бойынша алынған қорытындылар зерттеу материалымен дәйектелген. Нәтижелер халықаралық және отандық ғылыми басылымдардағы жарияланымдарда апробацияланған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің ғылыми-қолданбалы шешімдері жартылай жаңа. Когнитивтік матрица құру, топонимдік ақпаратты жүйелеу және екі тілдің этнотопонимдік концептілерін салыстыру тәсілдері жаңаша қолданылғанымен, олардың теориялық негізі ғылымда қалыптасқан когнитивтік, лингвомәдени және салыстырмалы талдау ұстанымдарына сүйенеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды теориялық және тілдік материалға негізделген. Қазақ және ағылшын топонимдік сөздіктері, энциклопедиялар, тарихи дереккөздер, көркем мәтіндер мен арнайы зерттеулерден алынған мысалдар тұжырымдардың дәйектілігін қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	1-тұжырым. Қазақ және ағылшын топонимдерінің қалыптасуы мен мағыналық дамуы тілдік және экстралингвистикалық факторлармен байланысты екені

		1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы кең. Мақалаларда дәлелденген. 2-тұжырым. Топонимдік номинацияның лингвокогнитивтік негіздері және топонимдердің ұлттық тілдік бейнені қалыптастырушы лингвомәдени бірлік ретіндегі қызметі дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы кең. Мақалаларда дәлелденген. 3-тұжырым. Екі тіл топонимиясының тарихи қабаттары халықтардың тарихи дамуы және тілдік байланыстарымен сабақтас екені салыстырмалы деректермен негізделген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы кең. Мақалаларда дәлелденген. 4-тұжырым. Түр-түс, жануарлар мен өсімдіктерге қатысты топонимдердің табиғи орта, шаруашылық тәжірибе және мәдени танымды бейнелеуі дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы кең. Мақалаларда дәлелденген. 5-тұжырым. Топонимиялық және мифонимиялық бірліктердің этномәдени мазмұны мен көркем мәтіндегі тарихи-мәдени ақпаратты жеткізу қызметі дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы орташа. Мақалаларда дәлелденген. 6-тұжырым. «Ауыл», «қоныс», «тау», «су», «дала» концептілерінің когнитивтік матрицалары ұлттық топонимдік кеңістікті жүйелеуге мүмкіндік беретіні дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы кең. Мақалаларда дәлелденген. 7-тұжырым. Топонимдердің қалыптасуы мен өзгеруіне тарихи, әлеуметтік, саяси және идеологиялық

			факторлардың ықпалы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану аукымы кең. Мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдіснаманы таңдау негізделген және нақты сипатталған. Зерттеуде сипаттау, жүйелеу, бақылау, салыстыру, салғастыру, жіктеу, қорытындылау, когнитивтік және концептілік талдау, компоненттік талдау, мәтіндік талдау, статистикалық-жиілік әдіс және когнитивтік матрицаны модельдеу тәсілдері кешенді қолданылған. Әдістер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Диссертация нәтижелерін алу, тілдік материалды жинақтау, жүйелеу, салыстыру және статистикалық-жиілік көрсеткіштерді өңдеу барысында қазіргі компьютерлік технологиялар мен электрондық дереккөздер пайдаланылған: ия.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия:	Теориялық қорытындылар, модельдер мен анықталған байланыстар кең көлемдегі тілдік деректер арқылы дәлелденген. Зерттеудің теориялық негізін Ә. Қайдар, Т. Жанұзақ, Б.М. Тілеубердиев, Қ. Рысберген, Г.Б. Мадиева, А. Әбдірахманов, А.В. Суперанская, В.А. Никонов, Е.С. Кубрякова, Дж. Лакофф, М. Джонсон, Р. Коутс, М. Геллинг, К. Хау және басқа отандық әрі шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Ұсынылған когнитивтік матрицалар мен салыстырмалы қорытындылар нақты топонимдік материалмен расталған.

		2) жок	
		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді отандық әрі шетелдік әдебиеттерге сілтемелермен толық расталған. Дереккөздер зерттеу мазмұнына сәйкес таңдалған.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертацияда отандық және шетелдік зерттеулерді. сөздіктерді. энциклопедиялық және электрондық дереккөздерді қоса алғанда 187 атау қолданылған. Мәтіндегі сілтемелер мен әдебиеттер тізімі өзара сәйкестендірілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Жұмыстың теориялық маңызы бар. Нәтижелер когнитивтік ономастика. ономастикалық лингвоконцептология. салыстырмалы топонимика және лингвомәдениеттану бағыттарының теориялық қорын толықтырады: ия.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия: 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және нәтижелерін қолдану мүмкіндігі жоғары. Материалдарды ономастика. топонимика. когнитивтік лингвистика. лингвомәдениеттану. әлеуметтік лингвистика бойынша арнайы курстар мен семинарларда. оқу құралдары мен монографиялар әзірлеуде. сондай-ақ ономастикалық жұмыстарда пайдалануға болады: ия.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа:	Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа. Қазақ және ағылшын топонимдік концептілерін салыстырмалы оқытуға. когнитивтік матрицаларды оқу үдерісінде

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	қолдануға және топонимдерді мәдени ақпарат көзі ретінде жүйелеуге арналған ұсыныстар жаңа мазмұнға ие. алайда жалпы қолдану тетіктері қалыптасқан ғылыми-әдістемелік тәжірибеге сүйенеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Мәтін ғылыми стильде жазылған. зерттеу құрылымы логикалық. негізгі ұғымдар мен терминдер бірізді қолданылған. Жекелеген редакциялық сипаттағы қателер жұмыстың жалпы ғылыми сапасына әсер етпейді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның ғылыми деңгейі жоғары. мазмұны жүйелі. салыстырмалы және лингвоконцептологиялық талдау жеткілікті жүргізілген. Ұсыныс ретінде қазақ және ағылшын топонимдері алынған дереккөздер корпусының сандық құрамын. іріктеу өлшемдерін және статистикалық-жиілік нәтижелерін жеке кестелерде нақтылау жұмыстың эмпирикалық дәйектілігін одан әрі арттыра түсер еді. Бұл ұсыныс диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен оң бағасына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу		Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша 10 жарияланымы бар: Scopus деректер базасында индекстелетін басылымдарда 2 мақала. БҒСҚК ұсынған ғылыми басылымдарда 6 мақала және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 3 мақала. Жарияланымдардың мазмұны диссертацияның негізгі бөлімдері мен қорғауға ұсынылған тұжырымдарына сәйкес келеді. Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары.

	тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Сматова Алия Ералиевнаның «8D02310 (6D020500) – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін беру талаптарына сай орындалған және оң бағалауға лайық деп санаймын. Ізденуші Сматова Алия Ералиевнаға «8D02310 (6D020500) – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ономастика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымд. проф.
09.11.2026 ж.

Д.М. Пашан

Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
БСН 990240003957

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«09» 11 2026ж.